

Ортағасырлық «Орда-Балық ескерткішіндегі» қытай мәтіні¹

Т.З. Қайыркен

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан Республикасы

ORCID: 0000-0002-3808-4989

(E-mail: kairketzn01@gmail.com)

ARTICLE INFO

АННОТАЦИЯ

Кілт сөздер:
көне түріктер,
тоғыз оғыздар,
Орда-Балық
ескерткіші,
зерттеу тарихы,
дереккөздер,
қытай
мәтіні, Ұйғыр
қағанатының
тарихы,
қағандар, Таң
әулетімен
байланыс,
манихейлік дін,
тарихи атаулар
мен ұғымдар.

XFTAMP 16.21.31

DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-4-147-169>

Орталық Моңғолиядағы Орхон өзені алқабы түркі мемлекеттілігінің «алтын бесігі», ежелгі түріктердің материалдық және рухани мәдениетінің орталығы болып табылады. Мұны көне Ұйғыр қағанаты дәуірінде көне түрік, қытай, соғды тілдерінде жазылған Орда-Балық ескерткіші дәлелдейді. Қазіргі уақытта ескерткіштің бірнеше атауы бар: Қарабалғасун жазуы (ең көп таралғаны), Тоғыз ұйғыр Білге қағанның ескерткіші (ескерткіш оның құрметіне қойылған), Орда-Балық ескерткіші (атауы оның орналасқан жеріне байланысты). Қытай деректерінде бұл ескерткіш «Ай-Тәңірде Құтболмыш Алып Білге қаған ескерткіші» деп аталады – 九姓回鶻愛登裏羅汨沒蜜施合毗伽可汗聖瑤汗聖. Ескерткіш туралы алғашқы мәлімет XIII ғасырда Моңғол империясының астанасы Қарақорымға сапар шеккен парсы тарихшысы Ата-Мәлік Жувейниден алынған. Одан кейін XIX ғасырдың соңында үш тілді ескерткіш туралы мәліметтер Н.Ядринцев, А.Гейкель, В.Радловтың экспедицияларынан мәлім болды. Кейін Г.Шлегель осы экспедициялардың материалдарын жинақтап, қытай тіліндегі мәтінді зерттеп, оның аудармасын жариялады. Мақала авторы бұған дейінгі зерттеулер мен Цзю Таншу және Синь Таншу секілді қытай деректеріне сүйене отырып, ескерткіштің қытай тіліндегі мәтінін талдайды, оның бірнеше бөлікке бөлініп қалған үзінділерін жинақтайды, түсіндірме береді, ескерткіш кімге арналғанын және кімдер тарапынан орнатылғанын анықтайды, сондай-ақ ескерткіш мәтінінде бейне-ленген қағандардың қызметі мен Орхон Ұйғыр қағанатының тарихын жан-жақты ашуға тырысады. Орда-Балық ескерткіші ежелгі түріктер арасында манихейлік ағымның тараған дәуірі – VIII-IX ғасырларға жатады. Қытайша мәтінде Таң әулетінің ішкі аймақтарында

¹Мақала Қазақстан республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің BR 24993043 «Қытай және өзге де Шығыс елдері дереккөздеріндегі көне түркі топонимдері – қазіргі түркі интеграциясының түп негіздерінің бірі: тарихи-этимологиялық, лингвистикалық көрінісі» тақырыбындағы нысаналы-бағдарламалық жобасын іске асыру аясында дайындалды.

туындаған әскери көтерілісті басуға көмектесу үшін келген Түрік Бөгу-қағанның Лоян қаласында манихейлік екі миссионермен кездесіп, олардың ықпалымен манихей дінін қалай қабылдағаны баяндалған. Бұдан соң, Бөгу қаған манихейлік дінді Орхон түріктері арасында одан әрі таратуға бұйрық береді. Бұл, автордың пікірінше, мемлекет ішіндегі діни қайшылықтардың туындауына жол ашып, Орхон Ұйғыр қағанатының тез арада жойылуының басты себебіне айналды. Автор 745 жылы құрылған Ұйғыр қағанатының өзінен бұрынғы Екінші Түркі қағанатының жалғасы әрі аталмыш екі қағанатты құрушы бір халық екеніне, тек саяси билік қана ауысқанына маңыз береді. Сол себептен, Ұйғыр қағанатын ғылыми тұрғыдан Біріккен Түркі қағанаты немесе Үшінші Түркі қағанаты деп атауды ұсынады. 840 жылы ішкі және сыртқы күштердің әсерінен Ұйғыр қағанаты ыдырады: оғыздар мен түріктер үш бағытта қоныс аударды. Олардың көпшілігі Алтай мен Тарбағатай тауларын басып өтіп, Жетісуға жетіп, жергілікті халықпен араласып, Қарахан мемлекетін құруға атсалысты.

T.Z. Kaiyrken

L.N. Gumilyov Eurasian National University Astana, Republic of Kazakhstan

ORCID: 0000-0002-3808-4989

(E-mail: kairketzn01@gmail.com)

The Chinese text of the medieval "Orda Balik Inscription"

Abstract. The Orkhon River basin in Central Mongolia is known as the "golden cradle" of Turkic statehood and was the center of the ancient Turks' material and spiritual culture. This is confirmed by the Orda-Balyk Inscription, written during the era of the Old Uyghur Empire in Old Turkic, Chinese, and Sogdian. The monument currently has several names: The most common is the Karabalgasun Inscription, followed by the Monument to Togyz Uyghur Bilge Khagan (in whose honor the monument was erected), and Orda-Balyk Inscription (the name refers to its location). Chinese sources refer to the monument is referred to as the "Monument to Ai-Tengirde Kutbolmysh Alyp Bilge Khagan" (九姓回鹘爱登裹罗汨没蜜施合毗伽可汗圣文神武碑). The first information about the monument was received in the 13th century from the Persian traveler Ata-Malik Juvayni, who traveled to the capital of the Mongol Empire, Karakorum. Then, in the late 19th century, further information about the trilingual monument was obtained through the expeditions of N. Yadrintsev, A. Geikel, and V. Radlov. Subsequently, G. Schlegel, examined the materials from these expeditions, studied

Received 11 October 2025. Revised 13 November 2025. Accepted 08 December 2025. Available online 30 December 2025.



Дәйексөз үшін: Т.З.Қайыркен Ортағасырлық «Орда-Балық ескерткішіндегі» қытай мәтіні // Turkic Studies Journal. 2025. Т. 7. № 4. 147-169 б. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-4-147-169>

For citation: T.Z.Kaiyrken The Chinese text of the medieval "Orda Balik Inscription" // Turkic Studies Journal. 2025. Т. 7. № 4. P. 147-169 . DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-4-147-169>

the Chinese text and published a translation. Having reviewed previous studies and relying on the Chinese sources Ju Tangshu and Xin Tangshu, the author analyzes the monument's Chinese text, examines its fragments, divided into several parts, provides an interpretation and identifies the monument's dedicatory address, and also reveals the activities of the khagans and the history of the Uyghur state, as captured in the monument's text. Dating back to the 8th century, the Orda-Balyk Inscription, was erected during the era of the spread of Manichaeism among the ancient Turks. The text recounts how the Turkic Bogu Khagan, who had come to help suppress a military rebellion in the Tang Dynasty's interior domains, met two Manichaean missionaries in Luoyang and converted to Manichaeism under their influence. The ruler also ordered for the further spread of Manichaeism among the Orkhon Turks. According to the author, this became the cause of religious conflicts within the state and ultimately leading to the fall of the Uyghur Khaganate. In the article, the author proposes referring to the Uyghur Khaganate as either the United Turkic Khaganate or the Third Turkic Khaganate. This argument is based on the fact that the polity was founded in 745 by the same ancient Turks and demonstrated political, cultural, and ethnic continuity with the Second Turkic Khaganate. In 840, the Uyghur Khaganate disintegrated under the pressure of internal and external factors. The Oghuz and Turks migrated in three directions. Most of them crossed the Altai and Tarbagatai mountains and reached Semirechye, where they intermingled with the local population and participated in the formation of the Karakhanid state.

Keywords: Ancient Turks, Toghyz-Oghyz, Orda-Balyk Inscription, history of research, sources, text in Chinese, history of the Uyghur Khaganate, Khagans, connection with the Tang dynasty, Manichaeism, historical names and concepts.

Т.З. Кайыркен

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,

Астана, Республика Казахстан

ORCID: 0000-0002-3808-4989

(E-mail: kairketzn01@gmail.com)

Китайский текст средневекового Памятника Орда-Балык

Аннотация. Бассейн реки Орхон в Центральной Монголии является «золотой колыбелью» тюркской государственности, центром материальной и духовной культуры древних тюрков. Подтверждением тому – Памятник Орда-Балык, написанный в эпоху Древнеуйгурского государства на древнетюркском, китайском и согдийском языках. В настоящее время имеется несколько названий памятника: Карабалгасунская надпись (самая распространенная), Памятник Тогыз-Уйгурского Бильге-кагана (в честь кого поставлен памятник), Памятник Орда Балык (название связано с месторасположением). В китайских источниках памятник называется «Памятник Ай-Тенгирде Кутболмыш Алып Бильге-кагана» – 九姓回鶻愛登裏羅汨沒蜜施合毗伽可汗聖文神武碑. Первые сведения о памятнике были получены в XIII веке от персидского путешественника Ата-Малика Джувейни, совершившего странствование в столицу Монгольской империи Каракорум. Затем в конце XIX века информация о трёхязычном памятнике получена была из экспедиций Н. Ядринцева, А. Гейкеля и В. Радлова. Позже Г. Шлегель, изучив

материалы этих экспедиций, изучил текст на китайском языке и опубликовал его перевод. Автор статьи, изучив предыдущие исследования и опираясь на китайские источники Цзюй Таншу и Синь Таншу, анализирует китайский текст памятника, рассматривает его фрагменты, разделенные на несколько частей, дает толкование, выявляет, кому посвящен памятник, а также раскрывает деятельность каганов и историю Уйгурского государства, запечатленную в тексте памятника. Памятник Орда-Балык относится к VIII в., к эпохе распространения манихейства среди древних тюрков. Отмечается, как тюркский Богу-каган, прибывший на помощь в подавлении военного мятежа, возникшего во внутренних владениях династии Тан, в городе Лоян встречается с двумя миссионерами-манихейцами и под их влиянием сам принимает манихейство. Правитель также отдает приказы о дальнейшем распространении манихейства среди орхонских тюрков, что, по мнению автора, стало причиной религиозных конфликтов внутри государства и привело в конце концов к падению Уйгурского каганата. Автор статьи предлагает Уйгурский каганат называть Объединённым Тюркским каганатом или Третьим Тюркским каганатом, поскольку он был создан в 745 году теми же самыми древними тюрками и имел политическую, культурную и этническую преемственные связи со Вторым тюркским каганатом. В 840 году Уйгурский каганат под воздействием внутренних и внешних сил распался: огузы и тюрки мигрировали в трёх направлениях. Большая их часть пересекла Алтай и Тарбагатай, достигла Семиречья и, смешавшись с местным населением, участвовала в создании государства Караханидов.

Ключевые слова: древние тюрки, тоғыз-оғыз, Памятник Орда-Балык, история исследования, источники, текст на китайском языке, история Уйгурского каганата, каганы, связь с династией Тан, манихейство, исторические названия и понятия.

Кіріспе

Орда-Балық ескерткіші – Ұйғыр қағанатының тоғызыншы қағаны Алып Білге қағанның (808-821) құрметіне арналған түркі, қытай және соғды тілінде жазылған бірегей ескерткіш. Алып Білге қаған Ұйғыр қағанатының бір мезгіл құлдырап, қайталай гүлденген дәуірінде өмір сүрді. Билік басында 14 жыл отырды.

Орда-Балық ескерткішінің түрік, қытай тілдерімен қоса соғды тілінде жазылуына сол кезде оңтүстік азиялық мәдениет пен діни сенімді таратушы соғдылар әсер етті. В.В. Бартольд соғдылықтардың Орта Азияға қоныс аудару себебі сауда деген еді (Бартольд, 1964: 461). Сауда арқылы түрік тілді ортаға түскен соғдылар жергілікті мәдениетке тез бейімделіп кетті. XI ғасырдағы М.Қашқаридың соғдылықтардың ішінде түрікше сөйлемейтіні жоқ деуі де сондықтан дейді С.Л. Болин (Болин, 1960: 83). Діни әсермен бірге, V-VII ғасырларда Орталық және Оңтүстік Азияда ресми қатынастар қытай, брахми, соғды жазуларымен жасалып тұрды. Сондықтан Түркі қағанаты заманында байырғы түркілер өз тарихын танымал ету үшін осы жазулармен жазып қалдырды. VI ғасырға жататын Орталық Моңғолиядағы Хүйс толгой ескерткішінің тас ұстынындағы жазба брахми жазуының кхашора графикасымен, Орталық Моңғолиядағы Қара-гол ескерткіші қытай иероглифімен қашап қалдырылған (Сартқожаұлы, 2003: 103).

Қытай, соғды тілдерімен қоса, Гэн Шиминнің пікірінше, Моңғол үстемдігі дәуірінде көне түрік тілі халықаралық қатынас тіліне айналған (Гэн Шиминь, 2003: 479). Біздіңше, түрік тілі алғашқы түркі қағанаты дәуірінде-ақ халықаралық қатынас тілі

болған. Орда-Балық ескерткішінің үш тілде жазылуына көне түріктердің өздерінің де мәдениет алмасуға деген ынтасы мен ашық сыртқы саясаты әсер етті.

Ескерткіштің көп жері ауыр дәрежеде зақымдалған. Сондықтан, ескерткіштегі соғды жазуының жарымындай бөлігі, түрікше жазбаның азғантай үш бұрышты бөлігі ғана сақталып қалған. Алайда ескерткіштің оңтүстік бетіндегі қытайша жазба ғана едәуір толық болатын.

Материалдар және зерттеу әдістері

Біз өз зерттеуімізде осы аталған ғалымдардың жинақтаған материалдары негізінде Қытай ғалымы Чэн Суло ұсынған нұсқа (Чэн Суло, 1978: 11-21) мен Ресей ғалымы В. Васильев 1897 жылы жазған «Китайские надписи на Орхонских памятниках в Хөшөө-Цайдаме и Карбалгасуне» (Васильев, 1887: 1-36) атты жинағын, бұдан өзге, қытайлық мәтінді тәптіштей зерттеген Г.Шлегель нұсқасындағы және Ханада Тору еңбектеріндегі мәтінтанулық зерттеулерді негіз еттік және өзара салыстырдық. Зерттеу барысында деректану ғылымының деректерді сұрыптау, салыстыру және толықтыру әдістері, зерттеу нәтижелерін кеңінен пайдалану және кез келген тұжырымға сын көзбен қарау, алынған деректерді өзге дерек көздерімен салыстыру өлшемдері, жалпыға бірдей тарихнамалық ұстанымдар мен ғылыми этика принциптері басшылыққа алынды.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Алып Білге қаған ескерткіші 814 жылы оның тірі кезінде орнатылған соң, көп өтпей, 840 жылы Орхон Ұйғыр қағанаты күйреді. Одан кейін бұл ескерткіш негізінен қараусыз қалды әрі әдейі бұзғыншылыққа ұшырады. Кейін, 1252-1253 жылдары Моңғол империясының астанасына сапар шеккен парсы тарихшысы Ата-Мәлік Жувейни оны алғаш байқап, қытайша мәтінді ешкім оқи алмағанын жазды (Қайыркен, 2022: 27). 1889 жылы Н.М. Ядринцев² басқарған Ресей география қоғамы Шығыс Сібір бөлімшесінің экспедициясы Моңғолияға жасаған сапары кезінде ғана бұл ескерткішке жеткілікті назар аударды (СТОЭ, 1892: 54). 1890 жылы Фин ғалымы А.О. Гейкель Орхон бойына сапар шегіп, ондағы үш тілді мәтінге көшірме жасап, сипаттамасын жазды әрі фотоға түсірді. 1892 жылы ондағы жазбаларды өзінің әйгілі «Орхон ескерткіштері» (Inscription de L Orhon recueillies par l expedition Finnoise 1890 et publiees par la Societe Finno-ougrienne) атты атласына енгізді (Heikel, 1882: 38). А.О. Гейкель экспедициясынан соң, бір жылдан кейін В.В. Радлов Моңғолияға барып, Орда-Балық қаласындағы үш тілді мәтіннің барлығын эстампажға алды. Ол қытай мәтінінен алған эстампажын Орхон экспедициясы жинағының 31, 32, 34 таблицаларында жариялады (Радлов, 1892: 1-12). Одан соң Г. Шлегель осы аталған экспедиция материалдарын зерттей келе қытай иероглифтерінің әрбіріне мұқият тоқтала отырып, 1896 жылы өз аудармасын жариялады (Schlegel, 1896: 141).

Г. Шлегельден кейін Ван Говэй, Чэн Суло, Ханада Тору секілді қытай және жапон ғалымдары ескерткіштің қытайша мәтінін қалпына келтіру және ондағы сөз-сөйлемдер мен ұғымдарды, информацияларды деректану тұрғысынан зерттеуге көп еңбек сіңірді. Одан бөлек, Лю Итан Орхон ұйғырларының атауын, олардың қалыптасуы мен дамуын,

² Ядринцев Н.М., 1892. Отчет экспедиции на Орхон, совершенной в 1889 г.. СТОЭ. СПб. Вып. 1. С. 79-81.

қағандарын, қоғамдық жағдайын, мәдениетін, Таң әулетімен байланысын жан-жақты зерттеді (Лю Итан, 1975). Аталмыш ғалымдардың зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, Т.З. Қайыркен Орда-Балық ескерткішінің мәтінін максималды деңгейде қайта толықтап, мәтінді әр сөйлемі бойынша деректану тұрғысынан тәптіштей зерттеді әрі тарихи атаулар мен ұғымдарға түсіндірме жазды (Қайыркен, 2024: 376-377).

Қытайша жазба алғаш табылған кезде сегіз бөлікке бөлініп сынып жатқан болатын. Олардың арасынан екі үлкен сынығы 1909 жылы Ресей экспедицияшылары тарапынан Санкт-Петербургке артып әкетілді. Кейін ресейлік В. Радлов, голландиялық Г. Шлегель, франциялық Э. Шаванн (Chavannes), қытайлық Ли Вэньтянь, Ван Говэй секілді ғалымдар тұс-тұсқа тарап кеткен бұл нұсқаларды өзара біріктіріп, әр түрлі альманахтарда жариялады. Бұған дейін тұтас жазбаның кей тұстарын түгендеу мүмкін болмаса да, тұтас жазбаның бас-аяғы толықтанып, жалғап оқуға болатындай жағдайға келді. Жоғарыдағылармен бір уақытта жапон ғалымы Ханеда Тору да өз алдына зерттеу жұмыстарын жүргізді. Ол «Таң дәуіріндегі ұйғыр тарихы туралы зерттеуде» (唐代回鶻史之研究) жарияланған «Тоғыз оғыз Білге қаған ескерткішінің» реттелген нұсқасы мен Пекин Орталық ұлттар институтында сақталып келген XX ғасырдың бас кезінде аталмыш ескерткіштің өзінен алынған эстампажды салыстыра зерттеп, түсініктеме жазды.

Талдау

Қарабаласағұндағы осынау тас ескерткіште қашап қалдырылған қытайша жазба негізінен Түркі қағанатының жалғасы ретінде бой көтерген Ұйғыр қағанатының сонау Хошу (護輸) хан, Құтлық Көл Білге хандардан (Құлбойла, қытайша – 骨力裴羅) бастап, кейінгі Баянчұр Горхан (Тәңірде болмыш Елетмыш қаған – 葛勒可汗 немесе Баянчур 磨延啜), Бөгу хан (牟羽可汗, Тәңір қаған немесе Ай тәңірде Құт болмыш Көл Білге қаған), Ай Тәңірде құт болмыш Алып Білге қағанға дейінгі кездегі тарихынан сыр шертеді.

VIII-IX ғасырлардағы Ұйғыр қағанатына байланысты “ұйғыр” этнонимі В.В. Радловтың пікірінше, VIII-IX ғасырларда түркі тілінде “ұйю, бірігу, ынтымақтасу” деген мағынаны берген. Бұл термин 1909 жылы фин ғалымы Г.И. Рамстедт (G.J. Ramstedt) Моңғолияның Түшээт хан аймағының Шинэ-ус көлі (Селенга өзеніне таяу жердегі – авт.) атырабынан тапқан Елетміш Білге қағанның үшінші ескерткішіне ойып жазылған. Бұл ғылым әлеміне бірінші рет танылған Ұйғыр қағанаты (745-840) дәуіріне тән көне түркі жазуындағы ескерткіш еді. Аталмыш таста: “anta qalmyşu bodun on ujur toquz oğuz üze yüz jyl olurmyş ...” (ол жерде қалған



1-сур. Орда-Балық ескерткіші мәтінінің фрагменттері.

Fig. 1. The fragments of text Orda-Balik.

Рис. 1. Фрагменты текста Орда-Балык.

<https://www.chinanews.com.cn/cr/2011/0321/1104070089.jpg>

халық – он ұйғыр, тоғыз оғыз үстінде жүз жыл отырып...) деген жолдар кездеседі (Сартқожаұлы, 2002: 79). 1976 жылы Қ.Сартқожаұлы мен С.Г. Кляшторный құрамында болған моңғол-кеңес біріккен экспедициясы Моңғолияның Хөвсгөл аймағынан тапқан Елетміш Білге қағанның бірінші ескерткішінде де “біріккен, бірігу” мағынасында жұмсалған “цјүиғмуш” сөзі кездеседі. Бұл сөздің түбірі – “цјүиғ”, ал “муш” – анықтауыш сипатты өткен шақ қосымшасы (Сартқожаұлы, 2003: 3). Сондықтан, «ұйғыр» сөзі түркі тілінде «ұйю», «бірігу», «байлану» деген мағынаны беретіндіктен, оның үстіне, Орхон түріктерінің тарихындағы үшінші үлкен саяси билік болып табылатындықтан, Ұйғыр қағанатын ғылыми тілде «Біріккен Түркі қағанаты» немесе Үшінші Түркі қағанаты деп атаған жөн.

Ертеде Түркі қағанатын құрушы түріктер түріктің Ашина тайпасынан шықса, Ұйғыр қағанатын құрушы ұйғырлар түріктің яғлақар тайпасынан шыққан еді (Зәкенұлы, 2005: 43). Үшінші Түркі (Біріккен Түркі немесе Ұйғыр) қағанаты анағұрлым көп түрік-оғыз тайпаларының бірлестігінен тұратын. Осы және басқа да ұқсастықтарды назарға ала отырып, неміс ғалымы А. Габайн: “745 жылы түріктердің ішінен шыққан, ұлты түрік ұйғырлар олардың Моңғол даласындағы мұрагері және талай жылғы салт-дәстүрлерінің куәгері ретінде жарыққа шықты” – дейді (Gabain, 1989: 6).

840 жылы Ұйғыр қағанаты күйрегеннен кейін, оның тікелей ізбасары ретінде Орхон бойында көне түріктердің Найман, Керей, Меркіт сынды тайпалық мемлекеттері дүниеге келді. Қытайдың “Ляоши” (辽史) және “Цзиньши” (金史) атты тарихи деректерінде, “найман” атауы “нанбаг” (няньбагэ 粘八葛), “нанбан” (няньбаэнь 粘拔恩) деген аттармен хатқа түскен. Сондай-ақ, қытай зерттеушілері олардың Алтай тауында көшпенді мал шаруашылығымен шұғылданып, батыста Ертіс өзеніне, солтүстікте қырғыздарға дейін иелік құрғанын растайды [Чунго байкэ., 1999: 3880]. Бұлардың тілі көне түріктік болып қала берді. Тіпті Орта Азияға көшкен түріктердің тілі де байырғы қалпын сақтады. Гэн Шиминьнің пікірінше: Қарахан мемлекетінің түрікше жазба тілі мен Орхон ескерткіштерінің және Идікұт Ұйғыр мемлекетінің жазба тілі арасында айтарлықтай айырмашылықтар жоқ, тек айырым диалекттер ғана болған (Гэн Шиминь, 2003: 492).

Төменде біз Орда-Балық ескерткішіндегі қытайша мәтінді (қосымша-1) деректану тұрғысынан сараптап көрейік. Ескерткіштегі қытайша мәтін жоғарыдан төменге қарай жазылған. Сол бойынша оңнан солға қарай қатарласқан 24 жолдан тұрады. Әр жолға 71 иероглиф сыйдырылған. Төмендегі талдауда алынған сөйлемдердегі нумерация осы заңдылыққа сай таңбаланған. Мысалы: Алып Құтлы Білге қаған (合汨咄祿毗伽可汗) (11.38-11.45 жол.) дегендегі тырнақша ішіндегі 11 саны 11-жолды, 38-45 сол жолдағы 38-тен 45-ке дейінгі 8 иероглифті көрсетеді.

1. Жазбада қамтылған нақтылы деректер

1) Ескерткішті орнатушы әрі бәдіздеуші туралы мәліметтер:

Ескерткіштегі қытайша жазбаның I жолында (1.57-1.65) ескерткішті Алып Инанчу Баға тархан жазды (合伊難主莫賀達幹撰) деп жазылған. “Баға” – байырғы түркілердің лауазымы. “Тархан” – лауазым. Бұдан соң II жолда екі жерде “Баға тархан Цзие-юй Цзялицзясы” (莫賀達幹頡紇伽哩伽思), “Цзие-юй Цзялицзясы” (頡紇伽哩伽思) деген адам аты жазылған тік жазу (2.5-2.14 және 2.24-2.29 иероглифтер) кездеседі. Ал Қытай ғалымдары Пекиндегі Орталық Ұлттар институтының кітапханасында сақтаулы тұрған эстампаждың оң жағындағы сынық таста “Ішкі уәзір Ел-Үлгесі” (內宰相頡于伽思) деген сөз кездесетіндігін алға тартады. Сонымен ескерткіштің басында үш адамның аты кездеседі. Олар:

Бірінші: ...Алып Инанчу Баға тархан жазды 合伊難主莫賀達幹撰

Екінші: Баға тархан Цзие-юй Цзялицзясы (莫賀達幹頡紇伽哩伽思),

Жиєюй жялижяс (頡紇伽哩伽思)

Үшінші: Ішкі уәзір Ел-Өгесі (內宰相頡於伽思)


Бұлардың ең біріншісі Алып Инанчу Баға тархан (合伊難主莫賀達幹) осы ескерткішті өз қолымен жазған адам. Ол туралы ескерткіштің өзінде де «жазған деген сөз оның атынан кейін тіркесіп тұр. Бұған талас жүрмейді.

Ал екінші Баға тархан Цзие-юй Цзялицзясы (莫賀達幹頡紇伽哩伽思) немесе Цзие-юй Цзялицзясы (頡紇伽哩伽思) деген адамның кім екені белгісіз. Ол туралы ешқайда ешқандай дерек жоқ.

Үшінші адам Ішкі уәзір Ел-Өгесі (內宰相頡於伽思) дегенге келсек, ол бұл мәтінде жоқ, тек Пекиндегі орталық ұлттар университетінің мұражайында тұрған ескерткіш тастың сынық фрагментінде сақталып қалған жазу. Бұл тас кезінде ескерусіз қалғандықтан, одан бұрынғы Г.Шлегель мен В.Васильев пайдаланған нұсқаларда және А.О. Гейкельдің атласында көрсетілмеген. Қытай зерттеушілерінің аталмыш ескерткішпен танысуы тек 1911 жылдан басталған және ескерткіш тастың бұл сынған бөлігі кейінірек Пекинге әкетілген. Қытай зерттеушісі Чэн Сулоның (程遡洛) пікірінше, СТШ ХЧ-де аты аталатын 頡幹伽思 ескерткіш тастың осы бөлігіндегі ішкі зайсан 頡於伽思-тың нақ өзі. Қытайша сие-юйгаясы (頡於伽思) деп аталатын бұл кісі аты оның пікірінше көне түрік тілінде “il-ügäsi” (國榮), яғни “ел үлгісі” деген сөз дейді (Линь Гань, 1987: 711). Қытайша 頡 иероглифінің түрікше “Ел” ұғымын беретіні әрі оның дыбыстық аудармасы екені мәлім. Бұл тұрғыдан Чэн Сулоның пікірімен әбден келісуге болады. Сол бойынша мен осы кітаптың алғашқы басылымында оны «ел үгесі» деп алған едім. Ғалым Қ. Сартқожаұлы кітапты оқып шыққаннан кейін маған жазған хатында: «бұл сөзді Чэн Сулоның “il-ügäsi” деп жаңғыртқаны дұрыс. Дегенмен әлі кемшілік бар. “il-ügäsi” «ел үлгісі» дегенді меңземейді. Ол «абыз» (білгір, шешен) деген мағынаны берген. Көптеген түпнұсқада солай. Осы Орда-Балық үш тілді ескерткішінің соңғы мәтінінде «δwk('wz) 'w'wz 'yl 'wk'sy» – «тоғыз оғыз ел өгесі» деп анық жазылған (соғды мәтіні 3-жол). Сондықтан бұл тіркеске күманданба. Соғды мәтінінде «тоғыз оғыздан шыққан Ел Өгесі (Ел абызы) Алып Инанчу Баға тархан жазды» деп тұрып тасқа соғды тілінде жазып қалдырылған екен, – деген пікірін жолдапты. Ендеше, мәтінді түпнұсқадан оқыған ғалымның бұл пікірімен қалай келіспеске. Демек, «Ел-өгесі» адам атынан көрі оның атақ-айдары болғаны.

2) Көл қаған мен Бөгу қағанның Таң әулеті тарапта тұрып, Ан-Лу-шань-Сы Шиминь бүлігін жаныштаудағы ерліктері:

Ескерткіштің 3.62-6.22 жолындағы төмендегі мазмұндар бастау сөзді Ашина әулетіне қарсы қыр даладағы



2-сур. Ұйғыр қағанаты (745-840).

Fig. 3. Uighur khaganate (745-840).

Рис. 2. Уйгурский каганат (745-840)

https://mtuugii.blogspot.com/2010/11/blog-post_17.html

түрік тайпаларының басын қосып, 745 жылы Болмыш қағанды өлтіріп, билік басына келген Құлбойладан (Құтлық Білге Көл қаған), оның әкесі Хошуды тілге тиек етуден бастайды.

Осында айтылатын Көл қаған дегені Құлбойла. Оның толық аты Құтлық Білгі Көл қаған (骨咄祿毗加闕可汗 745-747 жж. тақта отырған). Ол 745 жылы тоғыз оғыздарға бас болып, Таң әулетінің қолдауымен Ашина әулетін тақтан тайдырып, Біріккен Түркі қағанатын құрды және оған Ұйғыр (ұйғыш, берекелі деген мағынада – К.Т.) қағанаты деп ат берді. Таң әулетінің оны қолдайтын себебі ол арқылы Ашина әулетінің билігіне тежеу салу, олар тарапынан төнген қауіптен арылу еді. Құтлық Білгі Көл қаған заманында Біріккен Түркі қағанаты көркейіп, қабырғасы қатайды. Ол қайтыс болғаннан кейін, орнына ұлы – осы ескерткіште Тәңірде болмыш Ел-етміш Білге қаған (登裏羅沒蜜施頡德蜜施毗伽可汗) деп аталған Баянчур қаған (磨延礪 747-759) отырды. Оны тарихи деректерде Гөр хан (葛勒可汗) деп те атайды. Біріккен Түркі (Ұйғыр) қағанаты оның кезінде жалғасты түрде күшейді. Керісінше, Таң әулеті ішкі-сыртқы күштердің қыспағымен одан сайын мүшкіл жағдайға тап болды. Сондықтан Біріккен Түркі қағанаты Баянчур қаған кезінде Шығыстағы бірден бір құдіретті мемлекетке айналды.

Бұл кезде Таң империясы Атлақ шайқасында жеңілген соң, 755 жылы әскери төрелер Ань Лушань, Сы Шимин Тан билігіне қарсы көтеріліс қозғады. Екі астана мен Хэбэйдағы 13 аймақ төңкерісші армияның қолына өтті. Осы кезде Баянчур қаған Таң патшасының өтініші мен өз ұлы Ябғұ тегіннің бастауында әскер кіргізіп көтерілісші армияны жаныштады. Мұрагер патша Тан Суцзун Чан-ань мен Лоян сынды екі астананы қайтарып алды. Бірақ Баянчур қаған ұзақ өтпей 759 жылы қайтыс болды. Сол жылы оның атына қазіргі Моңғолияның Могойн Шинэ-ус деген жерінде көне түркі графикасымен қашалған ескерткіш қойылды.

1909 жылы И. Рамстед бастаған Финляндияның фин-угор қоғамының экспедициясы Түшетхан аймағындағы Могойн Шинэ-ус деген жерінде жатқан сол ескерткішті бірінші болып тапты әрі ондағы жазбаның эстампажын алып, 1913 жылы неміс тілінде жариялады (Ramstedt, 1913: 3–63). 1914 жылы орыс ғалымы А. Руднеев оның орысша аудармасын жариялады. 1976-1980 жылдары ескерткіш жазбаның үш бірдей көшірмесі жасалып, мұқият зерттелді (Харжаубай, 1982: 3–42). Бұнда қағанның тірі кезінде істеген келелі істері түгелімен жазылған. Ал қытай деректерінде қағанның «Ань Лу-шань, Сы Шиминь бүлігін» жаныштаудағы ерлігі мен Ниньго ханшайымның оған ұзатылуы, қағанның өз балдызын Дағатқа (Дунхуан) бегі Чэнцайға (敦煌郡王承柰) бергені, патшаның оған Білге қатун атағын беріп, кейін атақты бикелердің тізіміне қосқандығы т.б жағдайлар ғана сөз болса, бұнда қағанның Ашина түркілерінің үстемдігін аударуы, жаңадан мемлекет құруы және оны нығайту жолындағы істері хронологиялық тәртіппен баяндалады. Сондықтан ол қытай деректерін толықтайтын тың мазмұндарға бай деуге болады.

Баянчур қаған қайтыс болған соң орнына екінші ұлы Идікен (移地健) таққа шығып, өзін Бөгу (牟羽) қаған деп атады. Кей әдебиеттерде Тәңір қаған деп те аталады. Ескерткіш жазбаның 6.23-6.44 жолындағы: Ұлы Айтәңірде Құт болмыш Ел-тұтмыш Алып Қатлық Білге қаған мұрагерлік етті (子愛登裏羅汨沒蜜施頡咄登蜜施合俱錄苾伽可汗繼承) деген жазбалар соған арналған. Оның кезінде Біріккен Түркі қағанаты үздіксіз дамыды. Бірақ Таң әулетінің жағдайы әлі де жақсы емес еді. Көтерілісші армия Чан-ань мен Лояннан қуып шығарылғанымен, Сы Шиминнің асыранды ұлы Сы Чаои (史朝义) әкесін өлтіріп, өзін «Сары патша» деп атап, Лоянға қайта шабуылдап, қаланы басып алады. Осы кезде Бөгу

қаған тағы да жаңадан таққа отырған Таң Дайцзун патшаның өтініші бойынша әскер бастап барып, Сы Чаоидің бүлігін жаныштап, Лоянды қайтарып алады. Ескерткіште ол туралы да толық мәлімет берілген (6.45–7.57 жол).

Бұл жолы Бөгу (Тәңір) қаған түркі жасағына бас болып, Лоянға өзі кіреді. Таң Дайцзун өзінің тұңғыш ұлы, шаһзада Вэй Шэнді бүкіл Таң қосындарының қолбасшысы етіп, Бөгу қағанмен бірлесіп соғысуға жіберді. Қаланы қайтарып алған соң, Бөгу ол маңнан жайлы жер тауып, сонда келесі 763 жылдың көктеміне дейін тұрады.

764 жылы Таң сардары түрік Бүркіт Ғайын Таңға қарсы көтерілді. Бұл жолда ол Ұйғыр қағанатымен және тибеттермен тіл біріктіріп, бірнеше жүз мың қолды бастап, Чан-анға тіке төнді. Чан-ань қауіп астында қалған сәтте Таң сардары Го Цзы-и Түрік қосынының бас штабына келіп, бас қолбасшы, уәзірлер Батұр Баға тархан, Тонбаға тархандармен сөйлесіп, оларды өз тарапына тарта білді. Сөйтіп, екі жақ бірігіп тибет қосындарына соғыс жариялады. Тибеттер Нинсяның Нинлу деген жеріне жеткенде түрік қолы артынан қуып жетіп, бір түннің өзінде олардан 50 мың адамын өлтіріп, қалған 50 мың адамын қолға түсірді. Миллионнан астам ат-көлік, түйе, қой-ешкіге ие болды. Біріккен түркі қағанатының ең қысылтаяң шақтағы бұл жәрдемі үшін Таң патшасы оларға 100 мың топ торғын тарту етті.

Ескерткіш таста осы жайлар еске алынып, Біріккен Түркі қағанаты мен Таң мемлекеті арасында бауырластық одақ құрылып, мәңгі-бақи нағашы-жиен болып қалу туралы қол жеткен уәделер жазылған.

3) Манихей дінінің түріктер арасына таралуы:

Біріккен Түркі қағанаты кезі Шығыс пен Батыс арасындағы саяси, мәдени, рухани қарым-қатынастың ең бір жанданған кезеңі ретінде тарихта қалды. Орда-Балық ескерткішінің үш тілде жазылуы манихей дінінің Қытай арқылы Ұйғыр қағанатына таралуымен тікелей байланысты. Тонбаға тарханның Бөгу қағанға қосып, 2 мың соғды саудагерін өлтіруі – бұл кезде манихей дінінің түріктердің рухани өміріне дендеп кіріп, оларды дәстүрлі көзқарастар мен ұстанымдарынан айныта бастағанынан дерек беретін.

719 жылы маусым айында Тохар мемлекетінің патшасы Жаханиян шығыстағы елдерге дін тарату ісін манихей дінінің мозысы (пірәдері) Фурстаданға жүктейді. Олар манихей дінінің шығыстағы ірі ел Таң империясында кең қанат жаюын армандады. Бірақ бұл діннің таралуы Таңның астана байтағы Чананда қарсылыққа ұшырады. Сол себепті, Парсы мен Тохар елдерінен келген бұл дін Қытай елінен өз мүриттерін таба алмады (Зәкенұлы, 2008: 80).

Ай тәңірде Құт болмыш Көл Білге қаған (Бөгу қаған немесе Тәңір қаған) Лояндағы кезінде сонда дін таратып жүрген шетелдік мозымен (дін таратушы пірәдер) кездесіп, бұл діннің уағыздары жөнінде ұзақ әңгімелескеннен кейін, будда дініне деген сенімнен бет бұрып, манихей дінін қабылдайды (Chavanes, Pelio, 1958). Сонымен бірге, төрт бірдей дін таратушыны өзімен бірге Орда-Балыққа алып қайтады. Сыртқы саясаттағы мұндай ашықтық пен өзге мәдениетке деген жатырқаусыз көзқарас кейін келе елдің саяси өмірінде сенім мен пікір алауыздығын пайда қылды.

Соған қарамастан, манихей діні тез арада Ұйғыр қағанатының мемлекеттік дініне айналған. Алып Білге қағанның атына орнатылған аталмыш тас ескерткіш бетіндегі бұл деректер Таң дәуірінде қағаз бетіне түскен өзге де тарихи деректермен негізінен сәйкес келеді. Бөгу 762 жылы 20 қарашада Лоянды толықтай өз бақылауына алып, онда


келесі 763 жылдың наурыз айына дейін тұрады. Сондықтан манихей дінінің Орхон бойындағы түріктер арасына таралуы 763 жылдың сәуір, мамыр айларына тура келеді. Бірақ манихей дінін қабылдаудың алдында оның өзі де әрі-сәрі болып көп толғанады. Ол Лоянда манихей дінінің мүриттерімен ұдайы екі күн, екі түн айтысып-тартысып, үшінші күні өз сенімінен бет бұрады. Манихей дінінің уағыздары оны ерекше әсерлендіреді. Сөйтіп ол халық көп жиналған алқада монахтың алдына иіліп, тағзым етіп, күнәсін кешуді өтінеді (Ян Фусюэ, 2003: 17).

У. Ван мен А. Габайн жинақтаған «Түрікше Тұрфан текстерінің» «Бөгу қағанның дінге кіру естеліктерінде» мынадай жолдар кездеседі:

“Бұл діннің төрт монахы Табғаш елінен келген кезде олар төрт түрлі арманмен келді.....(өшіп қалған).....Бірақ ел үшін, ілім үшін бастарын үлкен қатерге тікті, қысым көрді.Тәңір қаған (Бөгу қағанды айтады) мүриттермен екі күн, екі түн кеңесті. Үшінші күні, қаған тәбетін тыйып, мінәжатқа отырды. Ауыр азап шекті. Содан барып оның жан-дүниесі әсерге бөленді. Осылай үздіксіз жалғаса бергендіктен, оның рухи дүниесі әлденені жоғалтқандай арпалысқа түсті. Кейін Бөгу қаған бір үлкен жиналыс ашып, өзі мүриттердің алдына тізерлеп өз қылмыстарын кешуді өтінді” (Bang, 1929: 7–9).

Бұл жайлар Алып Білге қаған ескерткішінде жазылмаған. Дегенмен, ескерткіштегі деректер манихей діні Орхон бойына таралғаннан кейінгі ахуалдан дерек береді. Онда Біріккен Түркі (ұйғыр) қағанаты құрылғаннан бастап Алып Білге қаған дәуіріне дейінгі қағандардың атқарған істеріне, әсіресе, Тәңір қағанның манихей дінін осы елде тарату жолында жасаған еңбегіне жоғары баға береді. Бірақ, аталмыш дін өзінің бүкіл даму тарихында жергілікті шаман дінімен орын алмастыра алмады. Бұл ретте кей зерттеушілердің манихей діні мемлекет дініне айналғаннан кейінгі үшінші жылы шаман діні өмір сүруін тоқтатты (Жу Айшан лян, 1981: 36) деуі сәл ағат айтылған пікір деп есептейміз.

Соғды елінен келген манихей дінінің мүриттері қағанның ең сенімді адамдарына айналып, оның төңірегінде болып, мемлекет істеріне араласып отырды (ЦЧТЦ, 1963: 7638.). Кей деректе қағанның үнемі манихей дінінің мүритімен саяси істерді ақылдасатыны, оған арнап ғибадатхана салдырғаны баяндалады (Ли Чжао, 1979: 66). 840 жылы Біріккен Түркі қағанаты күйреп, тұтас ел Шығыс Түркістан мен Орта Азияға, Хэси дәлізіне көшкеннен кейін, халқының басым бөлігі будда дініне сенсе де, қаған әулеті бәз баяғыдай манихей дініне сеніп қала берді.



3-сур. 1892 ж. Орда-Балық ескерткішінің А.Гейкель сызған сыртқы көрінісі.

Fig. 3. Outside view of monument Orda-Balik in drawing of A.Heikel.

Рис. 3. Внешний вид памятника Орда-Балык в прорисовке А.Гейкеля.

4) Тонбағадан бастап Алып Білге қағанға дейінгі қағандардың істеген істері:

780 жылы ордада саяси өзгеріс болып, қағанның інісі Тонбаға тархан Тәңір (Бөгу) қағанды және оны қолдайтын соғды саудагерлерінен 2 мың адамды өлтіріп қаған тағына отырды. Тонбаға тархан таққа отырысымен өзін Құш Құтлық білге қаған деп атады. Ол ескерткіште: “Ол батыр һәм талантты атойшыл, ішті-тысты керемет адам еді” – делінеді. Ол Таң мемлекетіне өздері үшін берешек қарыздарын қайтартады әрі мемлекет атауының қытайша жазылымындағы «ұйғыр» (хуэйхэ-回纥) деген атауды «құйғыр» (хуэйгу-回鶻)³ деп өзгертуді ұсынады. 787 жылы ол қайтыс болып, орнына ұлы Талас отырады. Қытай тарихында оны Долосы (多羅斯) деп жазады. Ал ескерткіште оны: “орнына ұлы Тәңірде болмыш Құтлық Білге қаған отырды. Мемлекеттің салт-дәстүрін өзі жөнге келтіріп, бір ізге салды (子登裏羅沒蜜施俱錄毗伽可汗嗣位, 治化國俗, 頗有次序)” – деп естелікке алған (11.14-11.36 жол.). Бұл оның өмірі туралы бізге жеткен бірден бір дерек. Ал қытай деректерінде ол туралы мардымды ештеңе жазылмайды. Бізге белгілісі тек қана оның 790 жылы өз інісі тарапынан өлтірілгені.

Ол қайтыс болған соң орда бектері ақылдасып, оның ұлы Айчурды қаған сайлайды. Мәңгітаста оның лақабы Алып Құтлы Білге қаған (合汨咄祿毗伽可汗) деп жазылған (11.38-11.45 жол.): “Орнына ұлы Алып Құтлы Білге қаған отырды. Ол табиғатынан көңілді жан еді (天姓康樂)” деп естелікке алынады. Айчур 795 жылы қайтыс болады. Осы жылы оның бас уәзірі Құтлық Біріккен Түркі қағанатына қаған болады. Ол осынау тас ескерткіште: Қайтыс болған соң Тәңірде Йөрөлміш алып Құтлық Көл білге қаған оның ізін басты 崩後, 登裏羅羽錄沒蜜施合汨咄祿胡祿毗伽可汗繼承 (11.50-11.71 жол.) деп нақышталған.

Тарихшылар Құтлықтың шыққан тегі едіз тайпасы деседі. Ол биліктегі кезінде мемлекет ішіндегі не алуан жөнсіздіктерді жөнге салады. 805 жылы ол қайтыс болып, орнына Тәңірде Алып Күлік Білге қаған отырады. Ескерткіште де оның аты осылай жазылған: 崩後膝裏野合俱錄毗伽可汗嗣位 (15.57-15.70 жол.). Бірақ оның Құтлықтың ұлы екені немесе басқа тұқымнан екені тарихи деректерде жазылмаған. Бұл ескерткіште де солай. Ол 808 жылы қайтыс болған соң орнына Айтәңірде Құтболмыш Алып Білге қаған отырады (808-821).

Ескерткіште ол таққа отырғаннан бұрынғы жайлар туралы кеңінен баяндалады (12.1-19.14 жол.). Тасқа қашалған бұл жайлар Алып Білге қағанның қаған тағына отырудан бұрынғы және кейінгі өмірінде атқарған істеріне арналған. Таң мемлекетінің оны құрметтеп, оған арнайы ескерткіш қоюға көмектесудегі мақсаты да оның тірі кезінде Таң мемлекетінің игілігі үшін істеген істерін әспеттеу, оны мәңгі есте қалдыру болатын. Ал Алып Білге қағанға келсек, ол өз кезінде Шығыс Түркістанда Таң мемлекетінің ықпалынан пайдаланып өз ырықтылығын сақтап қалуды, сол арқылы көне Жібек жолының өз аумағынан өтуін, одан түсетін пайда көзін қамтамасыз ету үшін Бесбалық сынды маңызды бекіністі жанын сала қорғап, ол жерден тибет күштерін ығыстырып шықты. 815 жылы Ай Тәңірде құт болмыш Алып Білге қаған Табғаш еліне жаушы жіберіп, патша Сян Цзуннен (憲宗 805-820) қызы Тайхэ патшайымды (太和公主) өзіне ұзатуды талап етті. Ол патшаның он жетінші қызы еді.

821 жылы сәуірде Алып Білге қаған қайтыс болады да, орнына ұлы Тәңірде Ұлық болмыш Алып Күчлүк Білге қаған (登裏羅羽錄沒蜜施合汨主錄毗伽崇德可汗) отырды. Бұл қағанның аты да ескерткіште қағыс қалмаған. Сондай-ақ, алдын ала оның бұған дейін істеген істеріне де тоқталып өткен. Бұған қарағанда, осы жолдарды алдын ала жазып

³Лашын құстай көкте құйғу.

қою туралы Алып Білге қағанның өзі ұсыныс жасаса керек. Өлгеннен кейін артымда да із қалсын деген ойдан туған қам-қаракет болса керек (19.15-22.20 жол).

Бірақ оның қағандық тақта отырған кезі Біріккен Түркі қағанатының құлдырау кезіне тұспа-тұс келді. Таққа отырысымен әкесі сұратқан Тайхэ ханшаны әмеңгерлікке алады. Ол мемлекетті түрлі діни, саяси, этникалық қақтығыстардан арашалап қала алмады. Нәтижесінде 825 жылы Біріккен Түркі қағанатының тағына Азар Тегін отырып, өзін Ай Тәңірде құт болмыш Құт Білге қаған деп атады. Оның қағандық дәуірі 832 жылға дейін жалғасты. Ол өлтірілгеннен кейін, орнына Құт тегін (Ай Тәңірде Құтболмыш Құш Күчлүк Білге) қаған болды. Бірақ оның отыруы қағанаттың зауалға бет алуын одан сайын тездетті. Орда ішіндегілердің көпшілігі оның билікке келуіне наразы болды. Уәзір Арчун-құм мен Санга тегіндер бірлесіп оған қарсы шықпақ болғанда сезіліп қалып, түгел дерлік өлтірілді. Оның бұл қылығына наразы бас уәзір Төрмер Қарабұлық (掘羅勿) 839 жылы шадалардың көмегімен көтеріліс жасап, ордаға келгенде Құт тегін өзін өзі өлтіреді. Қарабұлық таққа өзі отырмай Апсап тегінді қаған көтереді. Бұл кезде елді ашаршылық жайлап, жұқпалы ауру тарайды. Оның үстіне қалың қар жауып қыруар қой, жылқы жұттан қырылады.

Саяси дағдарыс пен табиғи апаттың қоса қабатталып келуі биліктің ауысуына жағдай жасады. Ақыры 840 жылы қағанаттың әскер басы Күчлүк Баға (句錄莫賀) бас уәзірлердің қылмысына төзіп тұра алмай, қырғыз Ара (阿熱) қағанмен бірлесіп, 100 мың біріккен қол сайлады. Сол жылы қырғыз қолы Біріккен Түркі қағанатын жойды.

2. Тарихи оқиғаларға және деректерге талдау

Ұйғыр қағанаты құлағаннан кейін олардың аумақты бөлігі батысқа қарай көшті. СТШ. ХС-де: “Ұлыс тоз-тоз болды. Уәзірі Сапшық пен Пан тегін он бес тайпа елін бастап, қарлұқтарды паналады. Қалған қалдық бұқара Тибет пен Ансиге қосылды,”- дейді. Осы дерек бойынша тарихшылар батысқа беттеген ұйғырлар (оғыздар) негізінен үш бағытпен көшкен деп жүр. Мұның ішінде қарлұқтар иелігіндегі Тарбағатай мен Жетісуға қарай бағытталған көш ең негізгі бағыт деп есептелген. Жапон ғалымы Т. Мориясу “Батысқа ауған ұйғырлардың (оғыздардың – ав.) легі өте көп болғандықтан, бұл бағытқа сыймаған біраз бөлігі тыңнан сүрлеу салып, үздіксіз алға жылжыды. Солардың бірі Пан тегін Луньтай (Үрімші) маңынан оңтүстікке ойысып, Жұлдыз алқабына барды. Сол арқылы Яньцзиді орталық еткен өңірлерді бағындырды. Бұдан басқалары Тянь-Шаньның солтүстігіндегі жолмен батысқа қарай көшіп, сол кезде қарлұқтар иелігіндегі жерлерге барды”, – дейді (Мориясу, 1980: 67). Бұл туралы деректер мен зерттеулер Орхон түріктерінің 840 жылы батысқа қарай көшкен бөлігінің негізінен қарлұқтар иелігіндегі жерлерге бағыт алғанын көрсетеді.

Бүгінде көпшілік ғалымдар Қарахан мемлекетін 840 жылы батысқа көшкен Орхон оғыздары құрған деп есептейді. Енді біреулер оны ұйғырлардың бір табы болып есептелетін яғмалар құрған дейді (Ван Чжилай, 2004: 55). Ал орыс зерттеушілері қарлұқтар құрған дейді. Біздіңше, бұл хандық Орхон оғыздары Орта Азияға келгеннен кейін, IX ғасырдың екінші жартысында олармен тығыз этникалық байланыста болған Қазақстанның оңтүстігіндегі түрік текті тайпалар тарапынан құрылған.

XIII ғасырда Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанда ортағасыр кезінде әйгілі болған тайпалардың біразы шоғырланған еді. Бұған 1220 жылы осы аймақта болып қайтқан Жүржіт (金國) елшісі У Гусун-Чжун дуанның (烏古孫仲端) көрген-білгендері туралы

жазылымындағы “Солтүстікке сапар естелігі”(北使記) дәлел бола алады. Онда: “ ... Одан ары тағы 4 мың ли жүргенде жері ыси бастайды. Онда жүзден астам қала бар екен. Бірде біреуі қытайша аталмайды. Олардан мұнда меркіт (磨裏奚), мақрин (磨可裏), қырғыз (紇裏紇斯), найман (乃蠻), қаңлы (康裏), ұйғыр (回古), тұмат (途馬), қарлұқ (合魯) секілді түрлі ұлттар мен ұлыстар қоныстанғанын сұрап білдім”, – дейді (ҚТТҚД, 2005: 69). Бұлардың көпшілігі – кезінде Орхон Ұйғыр мемлекетінің жұртында пайда болған елдер. Жапон ғалымы С. Мураяма орыс тарихшысы Л.Л. Викторованың, Рашид ад-Диннің еңбектеріне және бірталай топонимикалық атауларға талдау жасай отырып, осылардың ішінде наймандарды түркі тілдес ел деген қорытындыға келеді (Murayama, 1959: 78). Бұл Орхон Ұйғыр мемлекетінен ортағасырлық түрік мемлекеттерінің арасында белгілі бір этномәдени, саяси байланыс бар екенін түсіндіреді.

Мәңгітаста кейбір түсіндіре кетуге тиісті тарихи, даосизмдік және манихейлік дүниетанымға байланысты ұғымдар мен сөз-сөйлемдер кездеседі.

Мысалы:

	Жол номерацясы	Мәтіннен аударма	Түсіндірмесі
1	3.1-3.10:	聞夫乾坤開闢, 日月照臨 «Аспан мен Жердің арасы сейіліп, Ай менен Күн жарық шашты».	«Аспан мен Жер» көне қытай тілінде «Цянь-кунь» (乾坤), яғни жарық пен қараңғылық сынды бір-біріне қарама-қарсы екі түрлі жаратылыстық құбылысты білдірген. Чжоу-иде» (周易) жарықтың күші «цянь» (乾) – Аспанның символы, қараңғылықтың күші «кунь» (坤) – Жердің символы. Сондықтан бұл тіркес Аспан мен Жер, Күн мен Ай, ер мен әйел, әке мен шеше деген ұғымдардың баламасы ретінде қолданылып келді (Цыхай, 1979: 1991). Егер «инь», «янь» ұғымы заттың күйіне негіз болған қарама-қарсы екі жақты білдірсе, «Цянь-кунь» ұғымы заттың пайда болуы мен дамуына негіз болған түпкі мәнді білдіреді.
2	3.62-4.23	當先骨力悲羅之父 護輸襲國 於北方之隅, 建都於嶠昆之 野, 以明智治國, 積有歲年 «Бір кезде Құл-Бойланың әкесі Хушу арғы атасынан жалғасқан мемлекетті Солтүтіктің бір шетінде құрып, астанасын Орхон даласына орнықтырды. Парасатымен талай жыл ел басқарды»	Осындағы Құл-бойла және оның әкесі Хушу, арғы атасы дегендер кім болған? Тарихи деректер бойынша Құлбойла 745 жылы Біріккен Түркі қағанатын құрушы. Дерек бойынша Құлбойланың әкесі – Хушу (護輸), Хушудың әкесі – Чэнцзун (承宗). Бұл екеуі де яғлақар руынан шыққан тайпа көсемі Өктебек (伏帝匭, Х.Паркердің зерттеуінше – Vughteber) қайтыс болған соң (717 ж.), бірінен соң бірі билікке келген. Бірақ олар туралы тарихи деректерде ешқандай мәлімет жоқ. Бұл екеуінің аты да ТХЯ мен ТШ-да аталады. Ал Алып Білге қаған ескерткішінде Хушудың аты ғана жазылған.

3	4.25-4.64:	子骨力可汗嗣位，天生英斷，萬姓賓伏(服)，可汗在位，撫育百姓，若抱雞卵 «... ұлы Көл қаған орнына отырды, ол туада батыл әрі кескін болғандықтан, түмен руды өзіне қаратты. ...қаған тақта отырғанда бұқара-жұртқа жан тартып, мекиен балапан басқандай мәпеледі»	Бұл жолдар Құтлық Білге Көл қағанның істеген істеріне қаратып айтылған мадақ болып табылады. Бұл жерде «ұлы» (子) деген сөз Хушу қағанға байланысты айтылып тұр. Өйткені Құлбойла Құтлық Білге Көл қаған осы Хушу қағанның ұлы. Жазбада Хушу мен оның ата-бабаларының ертеден мемлекет құруға деген талпынысын айта келіп, қайтадан Құтлық Білге Көл қағанның билік басында болған кезіне мадақ айтылады. Шын мәнінде, оның дәуірі Біріккен Түркі (ұйғыр) қағанатының гүлденіп, көркейген, заң-тәртібінің кемелденген кезі еді.
4	7.58-8.17:	可汗乃頓軍東都，因觀風俗敗民弗師，將耆息等四僧入國，闡揚二祀(宗)，洞徹三際 «Қаған шығыс астанада қосындарын ретке келтіріп, жер-судың жағдайымен, дәстүр-салтымен танысып, тілеу тілесіп, Руйци сынды төрт монахты еліне алып қайтты, «екі негіз», «үш ғұмыр» жолын үгіттеді	Бұл жолдағы «эрс» 二祀 (宗) «жарық» пен «қараңғылық» пірін көрсетеді. Ал «санцзи» (三際) дегені өткен өмір, қазіргі кез және болашақ заманды меңзейді (Ню Жуцзи, 1997: 81). Бұлар қазақша «екі негіз» (манихэй еңбектерінде «екі иылтыз»), «үш ғұмыр» деген мағынада. Манихей діні өз тарихаттарының мәніне бойлау арқылы осы «үш ғұмырға» жете аласың, оларды көзбен көріп, өз ғұмырыңның мән-мағынасын бағамдай аласың деп есептейді. Манихей діні үш ғұмыр түгелдей ізгілік пен жауыздықтың алма-кезек күресіне толы, пәни дүниені көбінесе сұрқиялық жайлаған, сондықтан таза рух пен жарықтың жеңімпаз күш-қуатына сену керек деп есептейді.
5	10.35-10.44:	宰殺邦家，變為勸善之國，故聖人之在人，上行下效，法王聞受正教，深贊虔誠 «Қанды қасапқа түскен елдер өзара ізгіліктің ұрығын сепкен елдерге айналды. Адамдар арасына қасиет қонды. Жоғары мен төменнің үндесімі пайда болып, Фа Ван да ақ-әділ дін жайында естіп, оған терең тәнті болды».	Осындағы Фаван (法王) – будда дінінің жаратушысы Саки-Амонидің әспет есімі. Мәңгітасты жазушы осылай деу арқылы манихей дінін будданың да қабыл көретінін, оны шетке қақпайтындығын паш еткісі келсе керек.
6	12.32-12.42:	天可汗垂拱寶位，輔弼須得 Тәңір қаған ел аман, жұрт тынышта өзінің қасиетті тағында отыр, уәзірлер істі дұрыс атқаруы керек.	Осындағы «шуйгон» сөзі ерте кезден бастап (垂拱) ел аман, жұрт тыныш деген мағынаны білдіреді. Таң дәуірінде патшайым У-Цзы-тянь өзі ел басқарған кездегі 685-688 жылдар аралығын осындай жыл атымен атаған. «Фуби» (輔弼) сөзі ертеде Көктің ұлына қатысты төрт тараптағы төрт көмекшіге (鄰)

			байланысты жарыққа шыққан. Яғни Көктің ұлының қарсы жағындағы көмекшісі – «и» (疑), арт жағындағы көмекшісі – «чэн» (丞), сол жағындағысы – «фу» (輔), оң жағындағысы – «би» (弼) деп аталған. Кейін келе патшаның қасындағы уәзірлері «Фуби» (輔弼) аталатын болған (Цыхай, 1979: 1346).
7	13.1-13.20:	可汗宰衡之時，與諸相殊異，為絳誕之際，禎祥奇特。 Қаған чжайхэн (уәзір) лауазымында болған кезде басқа уәзір-қаралардан оқ бойы алда, туғаннан жаны айрықша ізгі еді.	Осындағы чжайхэн (宰衡) лауазымы Қытай тарихында Шығыс Хан патшалығында Ван Маннан бері келе жатқан лауазымның бір түрі. Ван Ман оны алғашында өзінің патшалық лақабы ретінде қолданған. Өйткені оның білгір екі уәзірінің бірінің аты Ахэн және бірінің аты Тайцзай болған. Ван Ман өз атын олардың құрметіне Цзай хэн қояды. Бұл лауазым мәртебесі жағынан бектерден жоғары тұрды.

Нәтижелер

Мақалада төмендегідей нәтижелерге қол жеткізілді:

Ең алдымен көне түрік, қытай және соғды тілінде жазылған Орда-Балық ескерткішіне жинақы сипаттама берілді. Оның пайда болуына негіз болған тарихи жағдайларға кеңірек тоқталып өтілді.

Ескерткіштің сақталып қалған фрагменттеріндегі мәтіндерге және өзге де қытай деректеріне негізделіп Орда-Балық ескерткішінің кімге арнап орнатылғаны, қашан орнатылғаны және кімдер тарапынан орнатылғаны анықталды.

Орхон Ұйғыр қағанатының қағандары Көл қаған мен Бөгу қағанның Таң әулеті тарапта тұрып, Ан Лу-шань және Сы Шиминь бүлігін жаныштаудағы сіңірген еңбектеріне аталмыш ескерткіштің өзінен алынған деректер мен ЦТШ, СТШ деректеріне негізделіп анықталды. Сол арқылы тұтас Таң әулетінің құрылуы мен өмір сүріп тұруындағы түріктердің тарихи орны мен рөлі нақтыланды.

Ескерткіштің қытайша мәтінінде келтірілген фактілерге негізделіп, манихей дінінің Орхон Ұйғыр қағанатының мемлекет дініне айналуының тарихи барысы, аталмыш діннің көне түріктердің әлеуметтік-саяси жағдайына жасаған әсері, нәтижесінде пайда болған саяси шиеленістер сарапталды. Сол арқылы манихей дінінің Орхон Ұйғыр қағанатының жойылуындағы басты фактор болғаны деректанулық, тарихнамалық тұрғыдан дәлелденді.

Сондай-ақ, дәстүрлі қытай деректерінде, атап айтқанда ЦТШ және СТШ-да, ЦЧТЦ-да кездеспейтін мазмұндар талдап алынды. Бұл деректер, ескерткіштің өзінде жазылған Құлбойладан бастап Алып Білге қағанға дейінгі қағандардың істеген істері жайлы деректер. Бұл мәліметтер дәстүрлі қытай деректерінде жоқ, алайда оларды толықтыратын қайталанбайтын деректер санатына жатады.

Ескерткіштегі қытайша мәтінде кездесетін қытайлық дәстүрлі философиялық, тарихи ұғымдарға, атауларға және сөйлемдерге деректанулық талдау және түсіндірме жасалды. Мұндай сөз-сөйлемдер жалпы мәтіннің өн-бойынан көптеп кездеседі. Мақала

аясында олардың манихей дінімен, қытайлық дәстүрлі дүниетаныммен байланысы сарапталды.

Қорытынды

Жалпы алғанда, Орхон Ұйғыр мемлекетінің тарихы – ғылымда әлі күнге дейін жіті назар аударылмаған әрі зерттелмеген тақырып. Батыс пен шығыстың көптеген түріктанушы, шығыстанушы ғалымдары аталмыш көне ұйғырлар мен көне түріктердің бір халық екені туралы ғылыми тұжырымдарға қарамастан, оларды бір-бірінен бөліп қарап келеді. Оның үстіне, көне ұйғырлардың тарихы тек бүгінгі ұйғырлардың тарихымен ғана байланысты болып қалмастан, көптеген түрік халықтарының мемлекеттілік тарихымен, этномәдениетімен, тілдік туыстығымен де тікелей қатысты. Сондықтан, бұл мақалада көне Орхон түріктерінің тарихынан сыр шертетін маңызды ескерткіштердің бірі ретінде Орда-Балық ескерткішін деректанулық, тарихнамалық тұрғыдан жан-жақты талдап өттік.

Бұл ретте, әсіресе Орда-Балық ескерткішінің және ондағы қытайша мәтіннің пайда болуы, оған негіз болған тарихи жағдаяттар, мәтіннің мазмұны сарапталды. Атап айтқанда, Орда-Балық ескерткіші Орхон Ұйғыр қағанатының тоғызыншы қағаны Алып Білге қағанның (808–821) құрметіне арнап, 814 жылы оның тірі кезінде орнатылған. Бұдан соң, көп өтпей 840 жылы Орхон Ұйғыр қағанаты күйреді. Ескерткіштегі қытайша мәтінді зерттеу арқылы аталмыш қағанаттың күйреуіне себеп болған көптеген жағдаяттардың беті ашылды. Ең басты себеп манихей дінінің Орхон түріктерінің арасына күшпен насихатталуы және енгізілуі болған. Бұл тарихи қателікті Таң еліндегі көтерілісті жаныштауға көмектесу үшін Лоянға барған Түрік Бөгу қаған жіберген. Ол манихей дініне деген өзінің жеке басының қызығушылығын тұтас түрік халқына, мемлекетіне күшпен таңған. Нәтижесінде өзінің дәстүрлі сенімінен айнығысы келмеген Орхон түріктері аталмыш жаңа дінді қабылдауға құлықсыз һәм қарсы болған. Нәтижесінде қаған бір жақ, халық бір жақ болып ішкі қайшылық асқынғандықтан, осы орайда пайдаланған сыртқы күштер қағанатты оп-оңай аударып тастай алған.

Мақалада осыған алып келген себептермен қоса, Ұйғыр қағанатының айналасында жүріп жатқан тарихи процестерге де тоқталып өттік. Ескерткіште жазылған қағанаттың ең алғаш іргесін қалаған Құлбойла (Құтлық Білге Көл қаған) қағаннан бастап, Алып Білге қағанға дейінгі қағандардың өмір сүрген уақыты мен істеген істерін, олардың манихей дінімен, мемлекеттің ішкі-сыртқы саясатымен болған байланысын анықтадық. Сол арқылы, Орхон Ұйғыр қағанатының билеуші тобының орын алмасу және ел билеу тарихын жүйелеу мүмкіндігі туды.

Орхон Ұйғыр қағанаты жойылғаннан кейін батысқа беттеген Орхон түріктері Жетісуға және Шу, Талас өңіріне келіп, жаңа мемлекеттік құрылымды – Қарахан мемлекетін құруға ат салысты. Бұл әрине, Орхон Ұйғыр қағанаты мен Орта Азияны байланыстыратын тарихи құбылыс. Сондықтан Орда-Балық ескерткішінің қытайша мәтінінде көптеген тарихи ақпараттар жасырынған. Оны әр қырынан зерттеп, сол дәуірдің нақты, қайталанбас дереккөзі ретінде ғылыми айналымға ендірудің маңызы зор.

1-қосымша. Орда-Балық ескерткішіндегі қытай жазбасы (Автордың қалпына келтірген нұсқасы).
 Приложение 1. Китайская надпись в Памятнике Орда-Балык (восстановленная версия автора).
 Appendix 1. The Chinese inscription in the Orda-Balyk Inscription (author's reconstructed version).

	24	23	22	21	20	19	18	17	16	15	14	13	12	11	10	9	8	7	6	5	4	3	2	1
1	□	□	□	□	□	繼	□	□	□	□	自	可	前	賀	而	日	師	使	羅	史	襲	聞		九
2	□	□	□	□	□	承	□	□	□	北	幼	汗	合	可	受	今	將	幣	沒	那	國	夫		姓
3	□	□	□	□	□	□	□	□	胄	庭	英	宰	毗	汗	明	悔	睿	重	蜜	革	於	幹		回
4	□	□	□	□	□	□	自	百	遺	半	雄	衡	伽	襲	教	前	息	言	施	命	北	坤		鶻
5	□	□	□	□	□	□	知	姓	棄	收	智	之	可	位	熏	非	等	甘	頡	數	方	開	莫	愛
6	□	□	□	□	功	軍	罪	與	後	半	勇	時	汗	雄	血	崇	四	乞	翳	歲	之	辟	賀	登
7	□	□	□	□	伐	將	咎	狂	吐	圍	神	與	當	才	異	事	僧	師	德	之	隅	日	達	裏
8	□	□	□	九	葛	供	哀	寇	蕃	之	武	諸	龍	勇	俗	正	入	併	蜜	聞	建	月	幹	羅
9	□	□	□	姓	祿	奉	請	合	大	次	威	相	潛	略	化	教	國	力	施	複	都	照	頡	汨
10	□	□	寺	毗	吐	官	祈	從	軍	天	力	殊	之	內	為	奉	闡	欲	毗	得	於	臨	紆	沒
11	□	中	宇	伽	蕃	并	訴	有	攻	可	一	異	時	外	蔬	旨	揚	滅	伽	我	嗚	受	伽	蜜
12	□	□	令	可	摩	皆	天	虧	圍	汗	發	為	於	修	飯	宣	二	唐	可	舊	昆	命	哩	施
13	□	□	僧	汗	旗	親	可	職	龜	親	便	絳	諸	明	之	示	祀	社	汗	國	之	之	伽	合
14	□	□	徒	複	斬	睹	汗	貢	茲	統	中	誕	王	子	鄉	此	洞	可	嗣	於	野	君	思	毗
15	□	□	寬	輿	鹹	至	矜	天	天	大	堅	之	中	登	宰	法	徹	汗	位	時	以	光		伽
16	□	□	泰	歸	追	於	其	可	可	軍	昆	際	最	裏	殺	微	三	忿	英	九	明	宅		可
17	□	□	聽	順	奔	賊	至	汗	汗	討	可	禎	長	羅	邦	妙	際	彼	智	姓	智	天		汗
18	□	世	士	葛	逐	境	誠	躬	領	滅	汗	祥	都	沒	家	難	況	孤	勇	回	治	下		聖
19	武	□	安	祿	北	長	赦	忽	兵	元	應	奇	督	蜜	變	可	法	恩	表	鶻	國	德		文
20	定	□	樂	冊	西	驅	其	師	救	凶	弦	特	刺	施	為	受	師	竊	正	卅	積	化		神
21	禍	中	自	眞	至	橫	罪	旅	援	卻	殂	自	史	俱	勸	持	妙	弄	萬	姓	有	昭		武
22		外	開	珠	撥	入	戾	大	吐	複	落	幼	內	錄	善	再	達	神	邦	拔	歲	明		碑
23		國	法	智	賀	自	遂	敗	蕃	城	牛	及	外	毗	之	三	明	器	子	悉	年	四		并
24		□	來	惠	那	將	與	賊	落	邑	馬	長	幸	伽	國	懇	門	親	愛	蜜	子	方	頡	序
25		□	門	葉	國	數	其	兵	荒	食	穀	英	相	可	故	惻	精	逞	登	三	骨	輻	紆	
26		□	□	護	俘	騎	王	奔	奔	土	量	雄	親	汗	聖	往	通	驕	裏	姓	力	湊	伽	
27		委	闡	為	獲	發	令	逐	入	黎	仗	神	國	嗣	人	者	七	雄	羅	葛	可	刑	哩	
28		付	名	主	人	號	百	至	於	庶	械	武	官	位	之	無	部	與	汨	祿	汗	罰	伽	
29		□	未	又	民	施	姓	眞	術	含	山	坐	等	治	在	識	才	王	沒	諸	嗣	峭	思	
30		□	曾	十	及	令	複	珠	四	氣	積	籌	奏	化	人	謂	高	師	蜜	異	位	峻		

31		裏	降	箭	其	取	業	河	面	之	國	帷	日	國	上	鬼	海	犄	施	姓	天	八		
32		□	伏	三	畜	其	自	俘	合	類	業	幄	天	俗	行	為	嶽	角	頡	僉	生	表		
33		□	□	姓	產	必	茲	掠	圍	純	蕩	之	可	頗	下	佛	辯	合	咄	日	英	歸		
34		□	□	突	葉	勝	已	人	一	善	盡	下	汗	有	效	今	若	勢	登	前	斷	仁		
35		□	□	騎	護	勅	降	民	時	者	地	決	垂	次	法	已	懸	齊	蜜	代	萬	捆		
36		□	□	施	為	敵	王	萬	撲	撫	無	勝	拱	序	王	悞	河	驅	施	中	姓	□		
37		□	□	□	不	必	自	萬	滅	育	居	千	實	子	聞	眞	故	克	合	興	寶	□		
38		□	□	□	受	摧	朝	有	屍	悖	人	裏	位	合	受	不	能	複	俱	可	伏	□		
39		□	□	□	教	追	覲	餘	骸	戾	複	之	輔	汨	正	可	開	京	錄	汗	□	□		
40		□	□	□	令	奔	進	馳	臭	者	葛	外	弼	咄	教	複	正	洛	苾	並	□	□		
41		□	□	□	離	逐	貢	馬	穢	屏	祿	溫	須	祿	深	事	教	皇	伽	是	□	□		
42		□	□	□	其	北	方	畜	非	除	與	柔	得	毗	贊	特	於	帝	可	□	□	□		
43		□	□	□	土	直	物	乘	人	遂	吐	惠	今	伽	虔	望	回	與	汗	□	□	□		
44		□	□	□	壤	至	與	餘	所	□	蕃	化	可	可	誠	□	鶻	回	繼	□	□	□		
45		□	□	□	□	大	左	眾	堪	□		因	汗	汗	□	□	渾	鶻	英	□	□	□		
46		□	□	□	□	敗	右	來	遂	□	偏	世	有	天	□	日	酪	長	偉	□	□	□		
47		□	□	□	□	殺	廂	歸	築	□	師	作	佐	姓	領	既	為	為	傑	□	□	□		
48		□	□	□	□	萬	選	□	京	媚	於	則	治	康	諸	有	法	兄	特	□	□	□		
49		□	□	□	□	人	實	□	觀	磧	勻	為	之	樂	僧	志	立	弟	異	□	□	□		
50		□	□	□	□	有	力	□	敗	凡	曷	國	才	崩	尼	誠	大	之	常	□	□	□		
51		□	□	□	□	餘	□	□	沒	諸	戶	經	海	後	入	任	功	邦	宇	□	□	制		
52		□	□	□	□	□	□	□	餘	行	對	營	嶽	登	國	即	績	永	內	□	□	平		
53		□	□	□	□	□	□	□	盡	人	敵	筭	之	裏	闡	持	乃	為	諸	至	可	了		
54		□	□	□	□	□	□	□	崩	及	智	莫	量	羅	揚	齋	日	舅	邦	高	汗	表		
55		□	□	□	□	□	崩	□	後	蓄	謀	能	國	羽	自	應	汝	甥	欽	祖	在	裏		
56		□	□	□	□	□	後	□	登	產	弘	紀	家	錄	後	有	僊	之	伏		位	山		
57		□	□	□	□	□	登	□	裏	崩	遠	初	體	沒	□	刻	悉	國	自	闕	撫	河	合	
58		□	□	□	□	□	裏	□	羅	後	□	北	大	蜜	慕	畫	德	可	大	毗	育	中	伊	
59		□	□	□	□	□	羅	□	汨	滕	□	方	法	施	闡	魔	於	汗	唐	伽	百	建	難	
60		□	□	□	□	□	羽	□	沒	裏	□	堅	令	合	徒	形	時	乃	玄	可	姓	都	主	
61		□	□	□	□	□	錄	□	蜜	野	□	昆	須	汨	眾	悉	都	頓	宗	汗	若	焉	莫	
62		□	□	□	□	□	沒	□	施	合	□	之	明	咄	東	令	督	軍	帝	□	抱	當	賀	
63		□	□	□	□	□	蜜	□	合	俱	□	國	特	祿	西	焚	刺	東	蒙	□	雞	先	達	
64		□	□	□	□	□	施	□	毗	錄	□	控	望	胡	循	熟	史	都	塵	□	卵	骨	幹	

65		□	□	□	□	□	句	□	伽	毗	□	弦	天	祿	環	祈	內	因	史	□	自	力		撰
66		□	□	□	□	□	主	□	可	加	□	卅	恩	毗	往	神	外	觀	思	崩	拔	悲		
67		□	□	□	□	□	錄	□	汗	可	□	餘	允	伽	來	拜	宰	風	明	後	悉	羅		
68		□	□	□	□	□	毗	□	繼	汗	□	萬	臣	可	教	鬼	相	俗	之	子	密	之		
69		□	□	□	□	□	加	□	承	嗣	□	彼	等	汗	化	並	司	敗	子	□	可	父		
70		□	□	□	□	□	可	□	□	位	□	可	所	繼	頓	擯	馬	民	朝	登	汗	護		
71		□	□	□	□	□	汗	□	□	□	□	汗	請	承	莫	斥	僉	弗	義	裏	阿	輸		
	24	23	22	21	20	19	18	17	16	15	14	13	12	11	10	9	8	7	6	5	4	3	2	1

Қысқарған атаулар:

СТОЭ- Сборник трудов Орхонской экспедиции

ҚТТҚД-Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелері

СТШ ХЧ-Син Таншу Хуэйхэ чжуань- Жаңа Таң кітабы, ұйғырлар баяны.

ТХЯ-Тан Хуэйяо-Таң жарғылары

ЦЧТЦ-Цзычжи Тунцзянь- Билік ғибратнамасы.

Әдебиет

Бартольд В.В., 1964. К вопросу об языках согдийском и тохарском. Соч., Т. II, ч 2. М., 461–470.

Болин С.Л., 1960. Сведения арабских источников IX-XVI вв. о долине реки Талас и смежных районах. ТИИАЭ АН Каз ССР, Т VIII. С.83.

Ван Чжилай 王治來, 2004. Орта Азия тарихы 中亞通史—古代卷. Ерте ғасырлар бөл., II т. Үрімші. 577 б.

Васильев В.П., 1897. Китайские надписи в орхонских памятниках в Кошоцайдаме и Карабалгасуне. Сборник трудов Орхонской экспедиции. СПб: Т. III. С. 1-36 + табл.

Гэн Шиминь 耿世民, 2003. Ұйғырлардың ежелгі әдеби-тарихи мұраларын зерттеу 維吾爾古代文獻研究.北京. Пекин. 546 б.

Жу Айшан лян, 1981. Жу Айшан лян. 如艾尚連. 試論摩尼教與回鶻的關係及其在唐朝的發展. Сибэй шиди 西北史地. №1. 36 б.

Зәкенұлы Т., 2005. Көне «ұйғыр» этнонимі және «құйғырлар». Ізденіс (Поиск). № 3 (2). Б. 42–44.

Зәкенұлы Т., 2008. Көне түркі ескерткіштеріндегі мәдени диалог көріністері. «Ұлтаралық және конфессияаралық келісім–Қазақстандағы тұрақтылықтың негізі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 86 б.

Қайыркен Т.З., 2024. Тастағы тарих. Көне түркі ескерткіштерінің қытайша мәтіндері. Алматы. Арда. 382.

Қайыркен Т.З., 2022. Күлтегін ескерткіші. Тарихи-деректанулық талдау. Астана. 262 б.

ҚТТҚД, 2005. ҚТТҚД-Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелері. I т., Алматы. Дайк-Пресс. 393 б.

Ли Чжао 李肇, 1979. Таң мемлекетінің тарихына толықтаулар 唐國史補. 上海古籍出版社. II т.. Шанхай. 66 б.

Линь Гань 林幹, 1987. Түрік және ұйғыр тарихы туралы ғылыми мақалалар жинағы 突厥與回紇歷史論文選集 (全二冊). Пекин. 1030 б.

Лю Итан 刘义堂, 1975. Ұйғыр зерттеулері 维吾尔研究. Тайпей. 台北. 正中书局. 584 б.

Мориясу Тагау 森安孝夫, 1980. Гуаньюй хуэйгу дэ си цянь. Ұйғырлардың батысқа көшуі туралы 關於回鶻的西遷. Миньцзу и-цун 民族譯叢. Пекин. № 1. Б. 60–70.

Нию Жуцзи 牛汝極, 1997. Ұйғыр байырғы жазулары мен мұрағаттары 维吾尔古文字與古文獻導論. Үрімші. 320 б.

Радлов В.В., 1892. Предварительный отчет о результатах археологического исследования р. Орхона. СТОЭ. СПб. Вып. 1. С.1–12.

Chavanesse E 沙畹, Pelio P 伯希和, 1958. Манихэй дінінің Қытайға таралуы 摩尼教流行中國考 (馮承鈞譯). Батыс аймақ пен Оңтүстік теңіздің тарихи-жағрапиясы 西域南海史地考證譯叢八編. 北京: 中華書局. Пекин. 62 б.

Сартхожаулы К., 2002. Объединенный каганат тюрков (745-840). Астана. 202 с.

Сартқожаулы Қ., 2003. Орхон мұралары. I т. Астана. 392 б.

Харжаубай С., 1982. Отчет эпиграфического отряда СМИКЭ в 1976-1982 гг. Рукопись, архив Института истории АН МНР. Улан-Батор. С. 3–42.

ЦЧТЦ, 1963. ЦЧТЦ-Цзычжи-тунцзян (Билік ғибратнамасы) 資治通鑑 卷237. Ху Саншэн түсінігін жазған胡三省注文. 中華書局. Пекин. 7638 б.

Цыхай, 1979. Цыхай (сөз теңізі) Cihai (abridged edition). Шанхай. 2214 б.

Чэн Суло 程溯洛, 1978. Тоғыз оғыз Білге қаған ескерткішіндегі Ұйғыр мен Таң әулеті қарым-қатынасына қатысты тұстар 釋漢文九姓回鶻毗加刻漢碑中有關回鶻和唐朝的關係. 中央民族學院學報. Пекин. № 2. Б. 11–21.

Ян Фусюэ 楊富學, 2003. Ұйғырлардың тарихи мұралары мен мәдениеті 回鶻文獻與回鶻文化. Пекин. 580 б.

Bang W., Gabain A.v., 1929. Türkische Turfan-texte.II. Berlin. P. 3–14.

Gabain A.V., 1989. Das Leben im uigurischen Konigreich von Qoco (850-1250) Gāochāng huíhú wángguó de shēnghuó [Life in the Gaochang Uighur Kingdom]. China-Turfan, 299 б.

Heikel A.O., 1890. Inscription de L Orhon recueillies par l expedition Finnoise 1890 et publiees par la Societe Finno-ougrienne. Helsingfors. 38 p.

Murayama S., 1959. Sind die Naiman Türken oder Mongolen? CAJ. V.IV. № 3. P. 21–37.

Ramstedt J.G., 1913. Zwei uigurische Runenischften in der Nord-Mongolen. Helsingfors. P. 3–63.

Schlegel G., 1896. Die chinesische Inschrift auf dem uigurischen Denkmal in Kara Balgassun. Helsingfors. MSFOU. 141 s.

Reference

Barthold V.V., 1964. K voprosu ob yazykakh sogdiyskom i tokharskom [Questions about Sogdian and Tokhar languages]. Coch., T. II, part 2. M. P. 461-470. [in Russian].

Bolin S.L., 1960. Svedeniya arabskikh stochnikov IX-XVI vv. o doline reki Talas i smezhnykh rayonakh [Information from Arab sources of the 9th-16th centuries o the Talas River valley and adjacent areas]. TIIAE AN Kazakh SSR, T VIII. P. 83. [in Russian].

Chavanesse E., Pelio P., 1958. Mó ní jiào liúxíng zhōngguó kǎo (féngchéngjūn yì) [A Study of the Popularity of Manichaeism in China (Translated by Feng Chengjun)] xīyù nánhǎi shǐ dì kǎozhèng yì cóng bā biān [A Collection of Translations on the History and Geography of the Western Regions and the South China Sea (Volume 8).]. Běijīng: Zhōnghuá shūjú. 62 p. [in Chinese].

Chen Sulo, 1978. Shì hàn wén jiǔ xìng huíhú pí jiā kè hàn bēi xià guān huíhú hé táng cháo de guānxi [Reflections on the relationship between the Uyghurs and the Tang dynasty in the

monument of Togyz Oghuz Bilge Khagan]. Zhōngyāng mínzú xuéyuàn xuébào [Journal of Central University for Nationalities]. Beijing, No. 2. P. 11-21. [in Chinese].

Cíhǎi, 1979. Cíhǎi (suōyìn běn) [Cihai (abridged edition)]. Shanghai. 2214 p. [in Chinese].

Gen Shimin, 2003. Wéiwú'ěr gǔdài wénxiàn yánjiū [Research on the ancient literary and historical heritage of the Uyghurs]. Beijing. 546 p. [in Chinese].

Jizhi-Tongjian, 1963. Jizhi-Tongjian [Mirror of state governance], Volume 237. Hu Sansheng zhuwen [Annotations by Hu Sansheng]. Zhonghua Shuju. Beijing, 7638 p. [in Chinese].

Kayrken T.Z., 2022. Kultegin eskertkishi. Tarihiy-derektanulyq taldau [Kultegin monument. Historical-data analysis]. Astana. 262 p. [in Kazakh].

Kayrken T.Z., 2024. Tastağı tarıh. Köne türki eskertkişteriniñ qıtayşa mätinderi [History in stone. Chinese texts of ancient Turkic monuments]. Almaty: Arda. 382 p. [in Kazakh].

Kharzhaubai S., 1982. Otchet epigraficheskogo otryada SMIKE v 1976-1982 gg. [Report to the epigraphic detachment of SMIKE in 1976-1982.]. Rukopis', arkhiv instituta istorii AN MNR [Manuscript, archive of the Institute of History of the Academy of Sciences of the Mongolian People's Republic]. Ulaanbaatar. P. 3-42. [in Russian].

Li Zhao, 1979. Tángguó shǐ bǔ [Supplement to the History of the Tang Dynasty]. Volume II. Shanghai. 66 p. [in Chinese].

Lin Gan, 1987. Tūjué yǔ huíhé lǐshǐ lùnwén xuǎnjí [Selected Papers on Turkic and Uighur History (2 volumes)]. Beijing. 1030 p. [in Chinese].

Liu Yitang, 1975. Weiwuer yanju [Liu Yitang. Uyghur Studies]. Taipei. Zhengzhong shuju. 584 p. [in Chinese].

Moriyasu Tagau, 1980. Guanyu huigu de xi qian [On the Westward Migration of the Uighurs]. Minzu i-tsung [Ethnic Translation Series]. Beijing. No. 1. P. 60-70. [in Chinese].

Niú Rǔ jí, 1997. Wéiwú'ěr gǔwénzì yǔ gǔ wénxiàn dǎolùn [Introduction to Uyghur Ancient Writings and Ancient Historical Documents]. Urumqi. 320 p. [in Chinese].

QTTQD, 2005. QTTQD-Qazaqstan tarixı twralı Qıtay derektemeleri [Chinese sources on the history of Kazakhstan]. T. I. Almaty: Dyke Press. 393 p. [in Kazakh].

Radlov V.V., 1892. Predvaritel'nyy otchet o rezul'tatakh arkheologicheskogo issledovaniya r. Orkhona [Preliminary report on the results of archeological research. Orkhona]. STOE. St. Petersburg. Issue. 1. P. 1-12. [in Russian].

Sartkhozhauly K., 2002. Ob'yedinennyy kaganat tyurkov [The United Khaganate of the Turks (745-840)]. Astana. 202 p. [in Russian].

Sartkhozhauly K., 2003. Orhon muraları [Orkhon Heritage]. Vol. I. Astana. 392 p. [in Kazakh].

Vasiliev V.P., 1897. Kitayskiye nadpisi v orkhonskikh pamyatnikakh v Koshotsaydame i Karabalgasune [Chinese inscriptions in the Orkhon monuments in Koshotsaydam and Karabalgasun]. Sbornik trudov Orkhonskoy ekspeditsii [Collection of works of the Orkhon expedition]. St. Petersburg. Vol. III. P. 1-36 + table. [in Russian].

Wang Zhilai, 2004. Zhōngyà Tōngshǐ – Gǔdài juǎn [History of Central Asia – Ancient Times]. Vol. II. Urumqi. 577 p. [in Chinese].

Yadrintsev N.M., 1892. Otchet ekspeditsii na Orkhon, sovershennoy v 1889 g. [Report on the expedition to Orkhon, completed in 1889]. STOE. St. Petersburg. Vyp. 1. P. 79-81. [in Russian].

Yang Fuxue, 2003. Huíhú wénxiàn yǔ huíhú wénhuà [Historical heritage and culture of the Uyghurs]. Beijing. 580 p. [in Chinese].

Zakenuly T., 2005. Köne «uyğır» étnonimi jäne «quyğırlar» [The ancient ethnonym "Uyghur" and "Kuyghurs"]. Izdenis (Search). No. 3 (2). P. 42-44. [in Kazakh].

Zakenuly T., 2008. Köne türki eskertkişterindegi мәдені діалог көриністері [Cultural dialogue manifestations in ancient Turkic monuments]. «Ultralıq jäne konfessiyaaralıq kelisim – Qazaqstandağı turaqtılıqtıñ negizi» attı xalıqaralıq ǵılımi-praktikalıq konferenciya materialdarı [Proceedings of the international scientific and practical conference "Interethnic and interfaith harmony - the basis of stability in Kazakhstan"]. Ust-Kamenogorsk. P. 78-86. [in Kazakh].

Zhonggo Baike., 1999. Zhonggo Baike da Cidian [Encyclopedia of China]. V. Beijing. 7942 p. [in Chinese].

Zhu Aishan lian, 1981. Shìlùn Móní jiào yǔ Huíhú de guānxì jí qí zài Táng cháo de fāzhǎn [On the Relationship between Manichaeism and the Uighurs and Its Development in the Tang Dynasty]. Shibe Shidi [Northwest History and Geography]. No. 1. 36 p. [in Chinese].

Bang W., Gabain A. v., 1929. Türkische Turfan-texte. II. Berlin. P. 3-14. [in German].

Gabain A.V., 1989. Das Leben im uigurischen Konigreich von Qoco (850-1250) Gāochāng huíhú wángguó de shēnghuó [Life in the Gaochang Uighur Kingdom]. China-Turfan. 299 p. [in Chinese].

Heikel A.O., 1892. Inscription de L Orhon recueillies par l expedition Finnoise 1890 et publiees par la Societe Finno-ougrienne. Helsingfors. 38 p.

Murayama S., 1959. Sind die Naiman Türken oder Mongolen? .CAJ. V.IV. No. 3. P.21-37. [in German].

Ramstedt J.G., 1913. Zwei Uigurische Runenischften in der Nord-Mongolen. Helsinki. P. 3-63 p. [in German].

Schlegel G., 1896. Die chinesische Inschrift auf dem uigurischen Denkmal in Kara Balgassun. Helsingfors. MSFOU. 141 p. [in German].

Автор туралы мәлімет:

Қайыркен Тұрсынхан Зақонұлы, тарих ғылымдарының докторы, Қ. Сартқожаұлы атындағы Түркология және алтайтану ҒЗИ директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ. Сәтбаев көш., 2, Астана, Қазақстан Республикасы.

Scopus Author ID: 57194042239

Information about the author:

Kaiyrken Tursynkhan Zakonuly, Doctor of Historical Sciences, Director of the K. Sartkozhauly Research Institute of Turkology and Altai Studies, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 K. Satpayev Str., Astana, Republic of Kazakhstan.

Scopus ID: 57194042239

Информация об авторе:

Қайыркен Тұрсынхан Зақонұлы, доктор исторических наук, директор Научно-исследовательского института тюркологии и алтаеведения им. К. Сартқожаұлы, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, ул. К. Сатпаева, 2, Астана, Республика Казахстан.

Scopus ID: 57194042239



Мүдделер қақтығысы:

Мақалаға байланысты мүдде қақтығысы жоқ.

Conflict of Interest.

There is no conflict of interest related to this article.

Конфликт интересов.

Нет конфликта интересов, связанного со статьей.